

Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтерін әзірлеу мен бекіту қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 19-1/441 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 31 шілдеде № 11811 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 10 маусымдағы № 126-НҚ бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Су ресурстары және ирригация министрінің 10.06.2025 № 126-НҚ (10.06.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 84-бабының 3-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтерін әзірлеу мен бекіту қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрі

А. Мамытбеков

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі

_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 11 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2015 жылғы 3 шілде

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрі

_____ Қ. Қасымов

2015 жылғы 28 маусым

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының
Энергетика министрі

_____ В. Школьник

2015 жылғы 4 маусым

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
2015 жылғы 15 мамырдағы
№ 19-1/441 бұйрығымен
бекітілген

**Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің
нормативтерін әзірлеу мен бекіту қағидалары 1-тарау. Жалпы ережелер**

Ескерту. 1-тараудың атауы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.04.2018 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтерін әзірлеу мен бекіту қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 84-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді және су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтерін әзірлеу және бекіту (бұдан әрі – ЖШЗӘ нормативі) тәртібін айқындайды.

2. Су объектілеріне ЖШЗӘ-нің нормативтері жер беті және жер асты суларын экологиялық және санитарлық-эпидемиологиялық талаптарға сай жай-күйде ұстау мақсатында белгіленеді және оның мақсатты нысанасын ескере отырып, шаруашылық қызметтің әрбір түрінің су объектісіне әсерін кешенді бағалау үшін қолданылады.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) зиянды әсер – оның салдарынан экологиялық жүйенің тұрақты жай-күйінің бұзылуы, нақты су объектісінің, бассейнің немесе оның бір бөлігінің (учаскесінің) сандық жағынан айтарлықтай азаюы немесе жай-күйі сапасының нашарлауы орын алған, шаруашылық қызмет түрінің су объектісіне зиянды әсері;

2) су объектілеріне ЖШЗӘ нормативі – оның сақталмауы су объектісінің немесе оның бір бөлігінің (учаскесінің) экологиялық жүйесінің табиғи жай-күйінің біржола бұзылуына әкеп соғуы мүмкін, белгіленген тәртіппен бекітілген шаруашылық қызмет түрінің су объектісіне жол берілетін шекті зиянды әсерінің көрсеткіші;

3) шаруашылық қызмет түрінің су объектісіне жол берілетін шекті зиянды әсері – экологиялық жүйенің табиғи құрылымы мен қалыпты жұмыс істеуі сақталатын және халықтың денсаулығына зиян келтірілмейтін, шаруашылық қызмет түрінің су объектісіне жол берілетін зиянды әсерінің (антропогендік жүктеме шамасы) шекті деңгейі.

2-тарау. Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтерін әзірлеу мен бекіту

Ескерту. 2-тараудың атауы жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.04.2018 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Су объектілеріне жол берілетін шекті зиянды әсерлердің нормативтері:

1) ұзақ уақыт әсер етуі су объектісінің экологиялық жүйесінің өзгеруіне әкеп соқтырмайтын, антропогендік жүктеменің жол берілетін шекті шамасы;

2) су объектісіне және оның су жинау алаңына түсуі мүмкін зиянды заттардың жол берілетін шекті массасы мен шоғырлануы негізінде белгіленеді.

4-1. Осы Қағидалардың 4-тармағының талаптарын ескере отырып, шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде су объектілеріне ШЖЗӘ-нің нормативтері мыналар ретінде анықталады:

1) су ресурсын жол берілетін шекті алу – антропогендік әсер ету кезінде экожүйеге залал келтірместен уақыт бірлігінде су объектісінен ағысты алудың жол берілетін көлемін білдіретін шекті шаманың мәні;

2) су объектісіне химиялық заттардың шекті жол берілетін түсуі – уақыт бірлігіндегі зиянды химиялық заттардың су объектілеріне түсуінің шекті жол берілетін массасы мен шоғырлануын білдіретін мәні болып табылады.

Ескерту. Қағидалар 4-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.04.2018 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Су объектілеріне ЖШЗӘ-нің нормативтерін әзірлеу рәсімі мыналарды:

1) су объектісін мақсатты пайдалану, оның бассейніндегі шаруашылық қызмет туралы ақпарат жинауды және қолда бар ақпаратты талдауды;

2) санитариялық-эпидемиологиялық, балық шаруашылығы және экологиялық талаптарды ескере отырып, су объектісінің қазіргі жай-күйін бағалауды;

3) су объектісіне әсер ету көздерінің сандық және сапалық сипаттамасын қамтиды.

6. Су объектілеріне ЖШЗӨ-нің нормативтерін іздестіру және жобалау жұмыстары нәтижесінің негізінде ғылыми жұмыстарды және қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды жүргізуге құқығы бар ғылыми, мамандандырылған және жобалау ұйымдары әзірлейді.

7. Бірінші кезекте шаруашылық қызмет түрінің ұзақ уақыт және қарқынды әсеріне ұшыраған аумақтарда орналасқан су объектілеріне және/немесе ерекше мемлекеттік маңызы бар су объектілеріне арналған нормативтер әзірленеді.

7-1. Су ресурсын шекті жол берілетін алу мына формула бойынша есептеледі:

$$W_{\text{алу}} = W_{\text{табиғи}}^{P\%} - W_{\text{экологиялық}}^{P\%}, \quad (1)$$

мұнда:

$W_{\text{алу}}$ – экожүйе үшін залал келтірмей су объектісінен алуға жол берілетін, ағыс ретінде айқындалған су ресурсын шекті жол берілетін алу (текше километр (бұдан әрі – км³/жыл));

$W_{\text{табиғи}}$ – табиғи гидрологиялық режим кезінде ағыстың қамтамасыз етілуіне байланысты айқындалатын жылдық ағыс көлемі (км³/жыл);

$W_{\text{экологиялық}}$ – ағыстың қамтамасыз етілуіне қатысты экожүйенің ең төменгі қажетті мұқтажы ретінде айқындалатын жылдық ағыс көлемінің есептік мәні (км³/жыл);

$P\%$ – ағыстың қамтамасыз етілуі (суы көп жыл үшін – 25%, суы орташа жыл үшін (ағыс нормасына жақын) – 50%, суы орташа аз жыл үшін – 75%, суы аз жыл үшін – 95%).

Экологиялық жылдық ағыстың көлемі нақты су объектісі бойынша ғылыми зерттеу, іздестіру және жобалық жұмыстарды жүргізу барысында айқындалады.

Экологиялық жылдық ағыстың көлемі мына формула бойынша есептеледі:

$$W_{\text{экологиялық}}^{P\%} = \alpha \times W_{\text{табиғи}}^{P\%}, \quad (2)$$

мұнда:

$W_{\text{экологиялық}}$ – ағыстың қамтамасыз етілуіне қатысты экожүйенің ең төменгі қажетті мұқтаждығы ретінде айқындалатын жылдық ағыс көлемінің есептік мәні ($\text{км}^3/\text{жыл}$);

$P\%$ – ағыстың қамтамасыз етілуі (суы көп жыл үшін – 25%, суы орташа жыл үшін (ағыс нормасына жақын) – 50%, суы орташа аз жыл үшін – 75%, суы аз жыл үшін – 95%);

a – есептік қамтамасыз етілудің табиғи ағыс нормасынан экологиялық ағысқа көшу коэффициенті;

$W_{\text{табиғи}}$ – табиғи гидрологиялық режим кезінде ағыстың қамтамасыз етілуіне байланысты айқындалатын жылдық ағыс көлемі ($\text{км}^3/\text{жыл}$).

Су ресурсын шекті жол берілетін алу әрбір су объектісінің әрбір бөлігі (бұдан әрі – су шаруашылығы учаскесі) үшін есептеледі, ол үшін ағыстың қамтамасыз етілуін (жылдың сулылығын) ескере отырып, су ресурстарын тартуға (алуға) лимиттер белгіленеді.

Ағыстың қамтамасыз етілуіне (жылдың сулылығына) байланысты су ресурсын шекті жол берілетін алудың нормативтерінің алынған мәндері осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес 1-кестеде көрсетіледі.

Ескерту. Қағидалар 7-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.04.2018 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-2. Су объектісіне химиялық заттардың шекті жол берілетін түсуі мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{Масса}_{\text{түсу}} = \sum_I^V [\text{ССС} \times (Q_{\text{өзен}} - Q_{\text{алу}} + Q_{\text{сарқынды}}) - (Q_{\text{өзен}} \times C_{\text{нақты}})] \times 0,031, \quad (3)$$

мұнда:

$\text{Масса}_{\text{түсу}}$ – әрбір химиялық зат бойынша (I) есептік кезеңдегі химиялық заттардың су объектісіне немесе су шаруашылығы учаскесіне (V) шекті жол берілетін түсуінің массасы (тонна/жыл);

ССС – "Су объектілерінде су сапасын жіктеудің бірыңғай жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі Су ресурстары комитеті төрағасының 2016 жылғы 9 қарашадағы № 151 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14513 болып тіркелген) негізінде айқындалатын әрбір химиялық зат бойынша (I) су сапасы стандарттарының сандық мәні (текше метрде грамм (бұдан әрі – $\text{г}/\text{м}^3$));

$Q_{\text{өзен}}$ – өзеннің орташа көпжылдық жылдық табиғи ағысы (секундына текше метр (бұдан әрі – $\text{м}^3/\text{с}$));

$Q_{\text{алу}}$ – су пайдаланушылардың өзеннен су алуы ($\text{м}^3/\text{с}$);

$Q_{\text{сарқынды}}$ – өзенге немесе есептік су шаруашылығы учаскесіне түсіп жатқан сарқынды сулардың жиынтық өтімі ($\text{м}^3/\text{с}$);

$C_{\text{нақты}}$ – бағалау кезіндегі су объектісінің есептік тұстамасындағы ластаушы заттардың нақты концентрациясы ($\text{г}/\text{м}^3$);

0,031 – грамм/секундтан тонна/жылға аудару коэффициенті (егер Массатүсу мәнін грамм/секундтан тонна/тоқсанға аудару есебінен анықтау қажет болса, онда аудару коэффициентінің мәні 0,0078 құрайды).

Ағыстың әр түрлі қамтамасыз етілуі үшін су объектісіне химиялық заттардың шекті жол берілетін түсуі мәндерін айқындау үшін (3) формула бойынша алынған нәтижені мыналарға көбейту қажет:

суы көп жыл үшін (ағыстың қамтамасыз етілуі 25%) 1,25-ке;

суы орташа жыл үшін (ағыстың қамтамасыз етілуі – 50%) 1,02-ге;

суы орташа аз жыл үшін (ағыстың қамтамасыз етілуі – 75%) 0,88-ге;

суы аз жыл үшін (ағыстың қамтамасыз етілуі – 95%) 0,78-ге.

Су объектісіне химиялық заттардың шекті жол берілетін түсуі су объектісінің әрбір су шаруашылығы учаскесіне есептеледі.

Су объектісіне химиялық заттардың шекті жол берілетін түсуі нормативтерінің алынған мәндері осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес 2-кестеде көрсетіледі.

Ескерту. Қағидалар 7-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.04.2018 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Су объектілеріне ЖШЗӘ-нің әзірленген нормативтері қоршаған ортаны қорғау, жер қойнауын зерделеу мен пайдалану саласындағы, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы және азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органға келісуге жолданады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.04.2018 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Су объектілеріне ЖШЗӘ-нің келісілген нормативтерін су қорын пайдалану мен қорғау, сумен жабдықтау, су бұру саласындағы уәкілетті орган ведомствосы бекітеді.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 06.08.2020 № 183 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Су объектісі бассейніндегі экологиялық ахуал өзгерген немесе су объектісінің жай-күйі туралы жаңа деректер алынған жағдайда су объектілеріне ЖШЗӨ-нің белгіленген нормативтері осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен қайта қаралады.

Су объектілеріне жол берілетін
шекті зиянды әсерлердің
нормативтерін әзірлеу мен
бекіту қағидаларына
1-қосымша
1-кесте

Су ресурсын шекті жол берілетін алудың нормативтерінің мәні

Ескерту. Қағидалар 1-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.04.2018 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Өзеннің атауы	Тұстаны атауы	Табиғи ағыс (текше километр)				Экологиялық ағыс (текше километр)				Ағысты алудың нормативтері (текше километр/жыл)			
			Қамтамасыз етілуі (жылдың сулылығы), пайыздар											
			25	50	75	95	25	50	75	95	25	50	75	95
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15

Су объектілеріне жол берілетін
шекті зиянды әсерлердің
нормативтерін әзірлеу мен
бекіту қағидаларына
2-қосымша
2-кесте

Су объектісіне химиялық заттардың шекті жол берілетін түсуінің мәндері

Ескерту. Қағидалар 2-қосымшамен толықтырылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 09.04.2018 № 150 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№	Нормаланатын көрсеткіштер	Су объектісіне химиялық заттардың шекті жол берілетін түсуінің мәндері (тонна/жыл (тонна/токсан))			
		Қамтамасыз етілуі (жылдың сулылығы), пайыздар			
		25	50	75	95
1	2	3	4	5	6

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК